



Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен қаражат бөлу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 2 сәуір N 436

"Наурыз" мейрамын тойлауға байланысты Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылға арналған республикалық бюджетте табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жоюға және өзге де күтпеген шығыстарға көзделген резервінен Қазақстан Республикасы Парламентінің Шаруашылық басқармасына Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаттарын материалдық ынталандыру үшін 10 000 000 (он миллион) теңге бөлінсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Мамандар:

Багарова Ж.А.,
Икебаева А.Ж.